Қарағанды облысы білім басқармасының Балқаш қаласы білім бөлімінің «№ 5 жалпы білім беретін мектебі» КММ

Кезектен тыс педагогикалық кеңес хаттамасының көшірмесі

Өткізілген күні:28.04.2023 жыл
Қатысқаны: 43
Қатыспағаны: 0

Күн тәртібінде:

1. Білім беру ұйымын мемлекеттік аттестаттау шеңберінде өзін-өзі бағалау қорытындысымен таныстыру.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі I мәселе бойынша «№ 5 жалпы білім беретін мектебі» КММ директоры Г.Ж.Балапанова сөз алып, мектеп ұжымына өзін-өзі бағалау қорытындысын таныстырды.

Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы бағалау өлшемшарттары бойынша 2020-2021 оқу жылынан бастап 2022-2023 оқу жылына дейінгі № 5 жалпы білім беретін мектептің жұмысын талдай отырып, құрылған комиссия (06.01.2023 жыл №4 педкеңес) білім беру ұйымын мемлекеттік аттестаттау шеңберінде «үлгілі» (55балл) деп бағалады.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін білім беру ұйымының қызметіне қойылатын біліктілік талаптары толық орындалды.

Білім беру ұйымдарын өзін-өзі бағалау ұсынылатын білім беру қызметтерінің Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының» жалпы талаптарының сәйкестігі бағаланады.

Білім беру ұйымы өзін-өзі бағалау қорытындысын ұсынады, бармай профилактикалық жүргізілетін бақылау жоспарланған мерзіміне дейін бір айдан кешіктірмей № 5 жалпы білім беретін мектептің интернет-ресурстарында орналастырады.

Бастауыш, негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының 4,9-сынып білім алушылары үшін компьютерлік тестілеу кезіндегі бағалау шәкілі "жақсы" – 67,6% құрап, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта білім беру стандартының талаптарына сәйкес келеді деп есептелді.

Шешім:

1. Білім беру ұйымын мемлекеттік аттестаттау шеңберінде өзін-өзі бағалау қорытындысы талапқа сай деп танылсын.
2. Өзіндік бағалау қорытындысы мектеп ұжымы жанынан құрылған Қамқоршылық кеңесі мүшелеріне таныстырылсын.
3. «Қарағанды облысының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесіне өзін-өзі бағалау құжаттары, қосымшалар ұсынылсын.

Кеңес төрайымы: Г.Ж.Балапанова
Хатшы: А.М.Есенкулова